

Абжалов Рамшад Садыковичтің 6D072000 – «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынған «Фотохимиялық процестерді қолдану арқылы химиялық қаптамалар технологиясын әзірлеу» тақырыбында қайта қорғалған диссертациялық жұмысы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанында Химия және инженерия бойынша құрылған Диссертациялық кеңестің қорытындысы

Абжалов Рамшад Садыковичтің 6D072000 – «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынған «Фотохимиялық процестерді қолдану арқылы химиялық қаптамалар технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын 2023 жылдың 29 маусымында, хаттама № 16, қайта қорғалуы және жасырын дауыс берілу нәтижелері бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанында Химия және инженерия бойынша құрылған Диссертациялық кеңес келесі ескертулерді жөндеу үшін пысықтауға жіберді:

1) Әр түрлі мақалаларда бірдей суреттер түпнұсқа дереккөздерге сілтеме жасамай бірнеше рет қолданылады, бұл Академиялық адалдық принципін бұзу болып табылады ("өз материалын, нақты және цифрлық деректерді өзіне және (немесе) өз дәйексөздерінің көзіне (автоплагиат) сілтеме жасамай пайдалану").

2) Диссертацияда көптеген графиктердің сапасы төмен. Графиктерді бір стильде жасау, графиктердің айналасындағы рамкаларды (шекараларды) алып тастау, мөлдір (немесе ақ) фонды пайдалану (мүмкін болған жағдайда), барлық сандар мен деректерді жеткілікті дәрежеде ірі және оқылатын етіп жасау, қателік жолақтарын (мүмкін болған жағдайда стандартты ауытқуларды) келтіру, графиктер мен схемаларды диссертацияға векторлық форматта (мысалы, EMF, SVG) енгізу ұсынылады.

3) Диссертациядағы фотосуреттердің көпшілігінің ажыратымдылығы төмен. Диссертациядағы фотосуреттердің ажыратымдылығын ≥ 300 нүкте/дюймге (dpi) дейін арттыру ұсынылады.

4) Көптеген сандық мәндер мен өлшем бірліктері арасында бос орындар жоқ (мысалы, "200 г/л" орнына "200г/л" деп жазылған).

Пысықталған диссертациялық жұмыс Диссертациялық кеңеске үш ай мерзімінде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге ұзартуға рұқсат беріледі. Диссертациялық кеңес пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда докторант қайта қорғаудан өтеді.

Диссертациялық кеңестің төрағасы,
х.ғ.к., профессор

Б.Н. Кеңесов

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы,
х.ғ.д., профессор

С.М. Тәжібаева

